

Келес ауданы
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің

№1 Хаттамасы

Қатысқан -25
Қатыспаған -

05- қыркүйек
2024 жыл

Күн тәртібінде

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қорытындылау.
2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқау беру.
3. Кәсіподақ ұйымының жылдық есебі

Сөз алғандар: Э.Толегенова
(меңгеруші)
М.Акжанова
(әдіскер)

Тындалды: Бірініші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Э.Толегенова, балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайын толығымен көріп, жаңарту керектігін айтып өтті. Алдағы уақытта балабақшаның материалдық-техникалық базасы жаңартылып, реттелетінін алға тартты.

Балабақша қызметкерлерін ішкі еңбек тәртібімен таныстырды. Ол өз сөзін – «Осы ережелер Қзақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес бекітілді. Ережелердің мақсаты – мектепке дейінгі мекеме ұжымының жұмысын тиімді ұйымдастыруға ықпал ету, еңбек тәртібін нығайту» - деп аяқтады.

Екінші мәселе балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен балабақша әдіскері таныстырды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау бала бақшасының барлық тәрбиешілері және қызметкерлері орындауы үшін міндетті болып саналады.

Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

Серуендеу кезінде, іс-әрекет кезінде балалармен қауіпсіздік техникасын сқтау, оларды қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету.

Жарақат алудан сақтау үшін барлық стационарлық балалар жабдығы, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғаға бекітілуі тиіс деді.

Шешімі:

1. Өткен оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстарды қанағаттанарлық деп бағаланып, алдағы уақытта толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

2. Еңбек қорғау және еңбек қауіпсіздік ережелеріне нұсқаулықтар беріліп, қызметкерлер таныстырылсын.

Балабақша меңгерушісі:  Э.Толегенова

Хатшы:  М.Акжанова

Келес ауданы
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабақшасында өткізілген өндірістік кеңесінің

№2 Хаттамасы

Қатысқан –24
Қатыспаған – 1

20 - қараша
2024 жыл

Күн тәртібінде

- 1.Өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы.
(Балалардың тамақтануы,тамақ қалдықтарының болмауы)
- 4.Өрт қауіпсіздігі ережелері жөнінде нұсқау

Сөз алғандар: Э.Толегенова
(меңгеруші)
М.Акжанова
(әдіскер)
Ж.Толегенова
(медбике)
Д. Айдаров
(шаруа меңгерушісі)

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі, Э.Толегенова жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың әдіскері М.Акжанова өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтты. Өткен өндірістік кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау үнемі жүргізіліп тұрды. Жұмыс жоспарының негізінде қыргүйек айында топтарда оқу жылында балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі жұмыстары қаралды. Тәрбиешілерге осы үрдісті бақылауды бағалау картасы толтыруға ұсынылды. Жұмыс барысын қорытындылай келе тәрбиешілерге бірнеше ұсыныстар берілді:

- Топта қарым – қатынас ережесін сақтау, театрландырылған ойын іс-әрекеттерін қолдану, бос әңгіме мен «кұрғақ» үйретуді болдырмау.
- Баланың үстелде өзін ұстау мәдениетіне көңіл бөлу, сөздік материалдарды қолданып, тамақ ішу ережелерін сақтауға баулу.

Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі ережелеріне нұсқаулықтар берілді, қызметкерлер таныстырылды. Алдағы уақытта, жұмыс барысында әрбір қызметкер еңбек қауіпсіздігін сақтап жұмыс жасауға міндеттелсін.

Екінші мәселе бойынша сөз алған бақшамыздың меңгерушісі – Э.Толегенова, қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын қызметкерлермен талқылап, бекітті.

Үшінші мәселе бойынша, мейірбикесі – Ж.Толегенова оперативті тексеру қорытындысы туралы сөз алды. Тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау күн тәртібін орындау жөнінде тәрбиешілерімен болған жай туралы әңгіме қозғады.

Балабақша мейірбикесі тазалықпен балалардың денінің саулығын тамақтануын басты мақсат деп білді. Күн тәртібімен тығыз байланыста болып тәртіпті бұзбай жұмыс істеулерін талап етті. Барлық топта балалар тамақтанатын ыдыстар хлорланған болуын, ойыншықтардың күнделікті жуылатынын тәрбиешілер айтты.

Төртінші мәселе бойынша Төтенше жағдайлар және өрттен сақтау нұсқауларын таныстыру жөнінде сөз қозғады. Ол өз сөзінде шаруа меңгерушісі Д. Айдаров былай деді. Құрметті әріптестер бірінші дабыл қаққыш, дабыл қаққанда балаларды топтан далаға алып шығу керек. Топтағы электр көзіндегі тығулы тұрған заттарды суырып, ажыратып, қауіпті жерлердің барлығын тексеріп шығу керек. Өрт шыққан жағдайда 101-ге хабарласамыз. Өрт сөндірушілер өз жұмыстарын жүргізеді.

Шешімі:

- 1.Өткен өндірістік кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деңгейде.
- 2.Қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекітілді.
- 3.Оперативті тексеру қорытындысы бойынша тазалық, тамақтану, дезинфекция ережесін сақтау, күн тәртібін орындау жөнінде есебі қанағаттанарлық деп табылсын. Қадағалау жұмыстары жүргізілсін.
- 4.Өрт қауіпсіздігі ережелері жөнінде нұсқауларымен таныстыру қанағаттанарлық деп табылсын, оны қадағалау шаруа меңгерушісіне жүктелсін.

Балабақша меңгерушісі:
Хатшы:



Э.Толегенова
М.Акжанова